

2022 жылдың 9 желтоқсан күні «Балдәурен» бөбекжай - балабақшасы
«Балапан» кіші тобында өтілген «Спорт – өмір көркі» эстафеталық ойынға

АНЫҚТАМА

Мақсаты: Салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Спортқа деген қызығушылығын арттыру. Әр түрлі спорттық ойындар түрлерімен танысу, тәсілдерін меңгеру. Балалардың икемділігі мен ептілігін, шапшаңдық қабілеттірін дамыту.

«Балапан» кіші тобында қатысқан бала саны - 15

Тәрбиеші Н. Мусаева кіші топта эстафеталық сайыс өткізді. Топ балаларын екі топқа бөлді.

1. «Тұлпар» тобының ұраны: спортпен достас, жалқаулықпен қоштас.
2. «Сұңқар» тобының ұраны: Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін.

Сайыс кезеңі 5 кезеңнен тұрды.

1. Тез адымда
2. Шебер
3. Кім жылдам
4. Шегіркелер
5. Доппен секіру

Балалар спорттық сайысқа белсене қатысты. Жеңіске «Сұңқар» тобы жетті.

Мерекелік ертеңгіліктің ұзақтығы: 25 минут.

Кемшіліктері:

1. Балалар ойын шарттарын шатастырды.

Ұсыныс:

Тәрбиеші балалардың жас ерекшеліктерін ескеру керек.

Әдіскер: *Жылысбаева Р.М.* Жылысбаева Р.М

**2022 жылдың 9 желтоқсан күні «Балдәурен» бөбекжай - балабақшасы
«Қарлығаш» ортаңғы тобында өтілген «Спорт – өмір көркі» эстафеталық
ойынға**

АНЫҚТАМА

Мақсаты: Балалардың денесін шынықтыруға, денсаулығын нығайтуға, өсіп қалыптасуға үйрету, жарысуға, жарыста жеңімпаз болуға үйрету. Спортпен айналысудағы әртүрлі дене шынықтыру жаттығуларының әдістерін үйрету, оларды қолдану. Жаны таза ұрпақты салаутты өмір салтына тәрбиелеу.

«Қарлығаш» ортаңғы тобында қатысқан бала саны - 15

Тәрбиеші А. Сеткасымова ортаңғы топта эстафеталық сайыс өткізді. Топ балаларын екі топқа бөлді.

1. «Тұлпар» тобының ұраны: Тұлпар болып шабамыз, сұңқардан біз озамыз!
2. «Сұңқар» тобының ұраны: Сұңқарлар алға, биікке самға, ешкімнен қалма!

Сайыс кезеңі 4 кезеңнен тұрды.

1. Таныстыру
2. Кім епті
3. Кім жүйрік
4. Кім күшті

Балалар спорттық сайысқа белсене қатысты. Жеңіске «Сұңқар» тобы жетті.

Мерекелік ертеңгіліктің ұзақтығы: 25 минут.

Кемшіліктері: Кемшіліктер болған жоқ.

Ұсыныс: Балаларды жоспардан тыс апталық циклограммаға енгізіп, спорттық сайыстарға күннің екінші жартысында ойнатуға болады.

Әдіскер:  **Жылысбаева Р.М**

**2022 жылдың 14 желтоқсан күні «Балдәурен» бөбекжай - балабақшасы
«Қарлығаш» ортаңғы тобында өтілген «ҚР мемлекттік рәміздеріне – 30
жыл!» мерекелік шараға
АНЫҚТАМА**

Мақсаты: Балаларға ҚР – ның рәміздерімен таныстыру. Елтаңба, ту, әнұран туралы түсінік беру. Туған еліне, Отанына сүйіспеншіліктерін арттыру.

«Қарлығаш» ортаңғы тобында мерекелік шараға қатысқан бала саны - 15

Тәрбиеші Б. Ганиева ортаңғы топта мерекелік шараны жүргізді. Саз бөлмесінде теледидардың көмегімен проектормен слайд көрсетті. Слайд барысында тәрбиеші балаларға ҚР – ның рәміздерімен таныстырды. Елтаңба, көгілдір ту және әнұран туралы түсінік берді. Олардың авторларын айтып өтті. Балаларға әртүрлі сұрақтар қойды. Балалар сұраққа жауап берді. Балалар рәміздер туралы тапқақтар айтты. «Отаным менің» әнін бірге орныдады. Ертеңгілік соңында балалар хормен «Әнұран» орындалды. Мерекелік шара балаларға жақсы көңіл – күй сыйлады.

Мерекелік ертеңгіліктің ұзақтығы: 20 минут.

Кемшіліктері: Балалар сұраққа жеке жауап беріп қалыптаспаған.

Ұсыныс: Тәрбиеші балалармен шығармашылық жұмыс жастау керек еді.

Әдіскер:



Жылысбаева Р.М

**2022 жылдың 23 желтоқсан күні «Балдәурен» бөбекжай - балабақшасы
«Балапан» кіші тобында өтілген «Кел төрлет, Жаңа жыл!»
тақырыбындағы ертеңгілікке**

АНЫҚТАМА

Мақсаты: Балаларға жаңа жыл туралы түсінік беру. Аяз ата сыйлық беретінін айтып, балаларды қуанышқа бөлеу. Шыршаның әсемдігіне назар аударып, ойыншықтарды өздеріне ілгізіп мерекені сезіндіру. Ән айтып, би билеп шығармашылық қабілеттерін ашу. Жаңа жылда кейіпкер роліне ене отырып сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.

Музыка залында санитариялық - гигиеналық талаптар сақталған. Педагогикалық талаптар бойынша барлық қолайлы жағдай жасалынған, би нөмірлеріне, ойын іс-әрекеттеріне қажетті материалдар дайындалған.

«Балапан» кіші тобында ертеңгілікке қатысқан бала саны - 20

Тәрбиеші П. Бидаулетова кіші топта «Кел төрлет, Жаңа жыл!» тақырыбындағы ертеңгілікті жүргізді. Балалар тақпақтарын айтты. Балалар хормен «Аппақ, аппақ жапалақтап» әнін орындады. Қонаққа Гном келді. Ол Аяз атаның хатын балаларға оқып береді. Гном балалармен «Пима ки» ойынын ойнайды. «Ақша қарлар» биін қыздар тамаша билеп шықты. Қонаққа Аяз ата мен Ақшақар келді. Ол балалармен амандасып, балаларды мерекелерімен құттықтады. Аяз ата балалардың әндері мен билерін, тақпақтарын тамашалады. Мерекенің шырқын бұзып Жалмауыз кемпір келеді. Ол шырша шамдарының жануына бөгет жасайды. Аяз ата Жалмауыз кемпірді сиқырлы таяғымен сиқырлап мейірімді қылып тастайды. «Вальс» биін ұл мен қыздар билеп шықты. Хор: «Аяз ата» әнін балалар бірге айтты. «Қарақшылар» биін ұлдар билеп шықты. Қонаққа Барыс пен Қоян келеді. Олар балалармен амандасып, екеуі «Достық» биін биледі. Содан соң Барыс балалармен қоштасып шығып кетеді. Қоян балалармен «Кім көп шар жарады» ойынын ойнайды. Ертеңгілік соңында «Шырша жыры» әнін балалар бірге айтты. Аяз ата мен Ақшақар балаларға әкелген сыйлықтарын таратып, балалармен қоштасып шығып кетті. Ертеңгілік жақсы өтті.

Ертеңгіліктің ұзақтығы: 25 минут.

Кемшіліктері: Тақпақтарын анық айталмайтын балалар бар.

Ұсыныс: Балалармен жеке жұмыс көптеп жүргізілу керек.

Әдіскер:  **Жылысбаева Р.М**

**2022 жылдың 23 желтоқсан күні «Балдәурен» бөбекжай - балабақшасы
«Қарлығаш» ортаңғы тобында өтілген «Кел төрлет, Жаңа жыл!»
тақырыбындағы ертеңгілікке**

АНЫҚТАМА

Мақсаты: Балаларға жаңа жыл туралы түсінік беру. Аяз ата сыйлық беретінін айтып, балаларды қуанышқа бөлеу. Шыршаның әсемдігіне назар аударып, ойыншықтарды өздеріне ілгізіп мерекені сезіндіру. Ән айтып, би билеп шығармашылық қабілеттерін ашу. Жаңа жылда кейіпкер роліне ене отырып сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.

Музыка залында санитариялық - гигиеналық талаптар сақталған. Педагогикалық талаптар бойынша барлық қолайлы жағдай жасалынған, би нөмірлеріне, ойын іс-әрекеттеріне қажетті материалдар дайындалған.


«Қарлығаш» ортаңғы тобында ертеңгілікке қатысқан бала саны - 18

Тәрбиеші А. Сейткасымова ортаңғы топта «Кел төрлет, Жаңа жыл!» тақырыбындағы ертеңгілікті жүргізді. Балалар тақпақтарын айтты. Балалар хормен «Аппак, аппак жапалақтап» әнін орындады. Қонаққа Аяз ата мен Ақшақар келді. Ол балалармен амандасып, балаларды мерекелерімен құттықтады. Аяз ата балалардың әндері мен билерін, тақпақтарын тамашалады. Мерекенің шырқын бұзып Жалмауыз кемпір келеді. Ол шырша шамдарының жануына бөгет жасайды. Аяз ата Жалмауыз кемпірді сиқырлы таяғымен сиқырлап мейірімді қылып тастайды. Қонаққа қасқыр келеді. Ол балаларды тым тырақай қуады. Аяз ата балабақшада мереке болып жатқанын қасқырға түсіндіреді. Қасқыр балалардан кешірім сұрап «Балық аулау» ойынын ойнайды. «Шырша» биін қыздар тамаша билеп шықты. «Жентельмендер» биін ұл балалар билеп шықты. Хор: «Шырша жыры» әнін балалар бірге айтты. Аяз ата мен Ақшақар балаларға әкелген сыйлықтарын таратып, балалармен қоштасып шығып кетті. Ертеңгілік жақсы өтті.

Ертеңгіліктің ұзақтығы: 30 минут.

Кемшіліктері: Тақпақтарын анық айталмайтын балалар бар. Балалар шашыраңқы болды. Балалар орындарынан тұрып кетіп жүрді.

Ұсыныс: Балалармен жеке жұмыс көптеп жүргізілу керек.

Әдіскер:  Жылысбаева Р.М